

Комбайндардың күтімі мен жөндеуі

Өздігінен жүретін комбайнның негізгі бөліктері алты бөліктен тұрады: жаткыдан (хедерден), молатпадан, шөмелеуіштен, жүру бөлігінен, қозғалтқыштан және жинауыштан. Жаткы келесі негізгі бөліктер мен механизмдерді қамтиды: бағдарлауыш башмақтары мен жаткы тұрқын, малтығын тасмалдауышымен көлбеу тұрқын, теңселме механизмі мен деңгейлеуішін, реттегіш механизмі мен қалбағайын және вариаторын, тегершігімен кескіш аппаратын, жетектегіш механизмімен иірлігін. Молатпанын құрылысы келесі бөліктерден құралады: бастыру құрылғысынан, сабап сіліккіштен, тазалайтын және тасымалдайтын құрылысынан (иірлік пен элеватордан), беріліс системасынан, басқару аймағынан (көбеңкеден), гидравликалық жүйеден және электр жабдықтарынан. Жүру бөлігі өзіне вариаторлы және жүргізгіш мостымен бағыттаушы доңғалақтарды қамтиды. Жүргізгіш мост доңғалақтары, өз кезегінде тізбектегіштен, қорапты берілістен, дифференциалдан (бұлтылдактан), екі бортты редуктордан, доңғалақтардан және тежегіш жүйесінен құралады. Комбайндарда есепсіз қайға жабдықталған тракторлық қозғалтқыштар қолданылады. Мысалы, СК-4 комбайнында СМД-14К немесе СМД-15К қозғалтқышы қойылған, бұлардың әрқайсысы өзіне ДТ-75 шынжыр табанды тракторға орнатылған СМД — 14 қозғалтқышының үлгі-пормына негізделген. Қозғалтқыштың маркасына жазылған «К» қарібі комбайнға арнап жабдықталғандығын білдіреді. Қозғалтқыштың 75 а.к. тең, айланыс сәті 1700 об/мин. СКД-5, СК-5, СКД-5Р, СКПР-5 комбайндарында СМД-17К және СМД-18К қозғалтқыштары орнатылған — екеуінің де қуаты 100 а.к. тең, ал айланыс сәті 1900 об/мин. СМД-14К және СМД-18К қозғалтқыштарын босату үшін, екі тактілі карбюраторы бір цилиндрлі қозғалтқышты (босатқышты) қолданады, оның — қуаттылығы 10 а.к. тең, айланыс сәті 3500 об/мин. босатқышты шығарғанда қуаты 0,6 а.к. пара-пар электр стартерімен бірге шығарады. СМД-15К және СМД-17К дизельдерін қуаттылығы 8 а.к. тең болатын. СТ-100 электр стартерімен бірге жабдықтап шығарады. СК-6 және СКПР-6 комбайндарында 4 қозғалтқышын қолданады, оның қуаты 150 а.к. тең, айланыс сәті 1900 об/мин. Біздің елімізде көп жылдық тәжірибеден өткізген тәсілдер бойынша астық екі тәсілмен орындалады: төте орып жинау және бөлшектеп жинау. Төте орып жинауда комбайн егістікпен бір орып жүрген кезде, барлық жинау процестерін атқарады: бір мезгілде орып, бастырып (масақтан дәнді ажыратып), астықты тазалап, сабағын шөмелеуішке жинап, шөмеге түсіріп отырады. Бұл тәсіл өте тиімді, бірақ оны піскен құрғақ егістікте қолданады. Егістік пісіп жетілмей ылғалы көп жағдайда оны орып жалға тастауға және бірнеше күн кептіруге тура келеді. Мұндай жағдайда бөлшекті тәсілді қолданады. Сондықтан бұл тәсілді бөлшектік немесе екі фазалы тәсіл деп атайды. Әдетте комбайн жатқысы комбайн алдына теңселмелі етіп орнатылған, ол тура оруға арналған. Комбайн жатқысын кейде хедер деп те атайды. Бөлшекті оруға дестелегіш жатқыны қолданады. Оны комбайн көтеріп жүреді, кейде тракторға тіркейді. Дестелеп жалға тасталған астықты кепкеннен кейін сағдарлап алуға жинауыштарды қолданады. Елімізде осы екі тәсіл де кеңінен қолданылады. Комбайн паркінің құрамы. Соңғы жылдары СССР конструкторлық және өнеркәсіп ұйымдары төмендегі аты аталған комбайндарды, дестелеуіш жаткаларды және жинауыштарды жасап шығарды.

1. СК-4 (өндірісте 1962 жылдан 1969 жылға дейін болды) және СК-4А (1969 жылдан 197 жылға дейін шығарылды) комбайндарының өнімділігі тиісінше 3,70 және 4,37 кг/с (комбайн өнімділігі дегеніміз оның молотилкасының бір секундта белгілі мөлшерде таза астықты бастырып шығару қабілеті, бұл кезде дән мен сабапның ара қатынасы 1 : 1,5 шамасындай болуы, ал бастыру кезіндегі молотилка ысырабы 1,5% шамасынан артпауы тиіс).